


Сулейман Демирель атындағы университет



# Этнопсихоллингвистика. Ұлттық сөйлеу стереотиптері.


Орындаған: Ерғали Ә.

Тексерген:

Ордабекова Х


# Жоспар:

- Этнолингвистика ғылымының дамуы;
- Этнолингвистиканың зерттелуі;
- Лакуна туралы түсінік;



*Этнос* – белгілі бір территория аймағында тарихи түрде қалыптасып, өзінің этникалық бірлігін саналы түрде сезінетін және мәдениетінің тұрақты ерекшеліктері болатын, соның ішінде ортақ тілі бар әлеуметтік топ.


*Этнопсихоллингвистика* – этнос психологиясының қалыптасуындағы негізгі фактор ретінде оның тарихи тәжірибесін көрсететін тілдің ықпалын қарастыратын психология, этнология және лингвистика қиылысында пайда болған ғылыми білім саласы.



*Этнопсихоллингвистиканың  
мақсаты – түрлі мәдениет  
өкілдерінің ұлттық тілдік санасын  
зерттеуге бағытталған.*

*Нысаны – мәдениаралық қатына,  
мәдениаралық коммуникация.*

Қазақ халқы




ұжымдық, өз сезімін білдірудегі еркіндік, эмоционалдылық, конфликтіге деген бейімділік, тіл табыса білу, кез келген нәрсеге баға беру қасиеті, сөйлеу этикетін ұстануға деген қарсылық, екеуара сұхбат жүргізуде тік сөйлеуі

Орыс халқы



өзін-өзі ұстай білуі, шыдамдылық, сабырлылық, конфликтке деген бейімділіктің жоқтығы, эмоционалды жақтан өзін-өзі бақылауда ұстай білуі, сөйлеу этикетін ұстануға тырысу, жеке өміріне қатысты тақырыптардың жабықтығы, кейде ашықтығы да орын алып жатады, белгілі бір ойды жұмсақ түрде жеткізу




Этнос ұғымы локальды  
мәдениет (әлеуметтік-  
тарихи факторлар, рухани  
және матреиалды мәдениет,  
географиялық жағдаяттар)  
ұғымымен тікелей  
байланысты.



*Лакуна* – белгілі бір мәдениеттегі, мәтіндегі, тілдің семантикалық картасындағы ақтандақтар (белые пятна). Белгілі бір ұлт өкіліне лакуналар белгісіз, елеусіз болып саналғанмен, өзге мәдениет ерекшеліктерімен салыстырғанда ғана көрінеді.

Лакуна



Мәдени



Тілдік

характерологиялық


этнографиялық

ұлттық кинесикалық  
ерекшеліктер

Мәдени

мінез-құлық

мәдени-эмотивті



## характерологиялық лакуналар

*Ағылшын ұлтына тән қасиет – ұстамдылық, француздар – құмарлық, американдықтар – прагматик, немістер – ұқыптылық, тәртіп. Бірақ характерологиялық лакуналар салыстырмалы қатынасқа ие. Еңбекқорлық инварианты түрлі ұлт өкілдерінің мінез-құлқында әртүрлі бейнеленеді: жапондарда – шыдамдылық, тынымсыз еңбек ету, табандылық, немістерде – негізділік, әр іске байыппен қарау, тәртіптілік, американдықтар – іскерлік, қандай да бір іске байланысты бастаманы көтеру, табандылық.*

## Кинесикалық лакуналар

Шығыс халқының мәдениетінде қазалы болған адамға оның көңілін басқа жаққа аударту үшін адамның күлкісін туғызатын әңгіме айту дәстүрге сәйкес болып саналады

Қытай мәдениетінде күлкі шынайы және алдамшы ойды (улыбающийся тигр) білдірудің құралына да айналуы мүмкін. Дипломатиялық қарым-қатынаста қалыптасқан «күлу саясаты» саясат жүргізу ісіндегі екіжүзділікті көрсетеді.

Лингвистикалық  
лакуна



Мәтіндік



Тілдік

## Мәтіндік лакуна

Мәтіндік лакуналар көркем мәтіннің өн бойынан көрінеді. *Мәтіндік лакуна* – өзге ұлт өкілдерінің мәтін мазмұнын қабылдау мен түсінуде қиыншылықтар туғызатын, белгілі бір лингвомәдени қауымдастықта ұлттық ерекшеліктің базалық элементін құрайды.





## Лингвистикалық лакуна

Өзге тілге аударуға көнбейтін, нақты аудармасы жоқ, көпмағыналылық сипатқа құбылыс ретінде танылады. Лингвистикалық лакуналар қатарына жұртқа кеңінен танымал, мәтінде белгілі бір адамның есімі ретінде емес, мәдени символ ретінде қолданысқа түскен прецедентті есімдерді жатқызуға болады.

## Стереотип

*Стереотип* – қоршаған ортадағы нысандарды танудың санадағы қарабайыр моделі. Этнос дүниетанымында әдетке айналып, жиі қайталанудан тұрақты қалыпқа түскен, терең ойлауды қажет етпей-ақ еске бірден түсетін психоменталльды түсінік.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ!!!